



БҰЙРЫҚ

01.09.2023 н

Ақсу –Аюлы мекені

ПРИКАЗ

№ 105

с.Ақсу-Аюлы

Білім беру ұйымында
психологиялық-педагогикалық
қолдау қызметіні құру туралы

Инклюзивтік практика жағдайындағы ерекше білім беру қажеттіліктері бар оқушыларды психологиялық-педагогикалық қолдауды қамтамасыз етудің жүйелілік және кешенді тәсілдемелерін қалыптастыру мақсатында

БҰЙЫРАМЫН:

1. Психологиялық-педагогикалық қолдау қызметін төмендегі құрамда құру:

- ППКҚ төрағасы-Бакаев Дат Бақтығалиұлы
- Директордың оқу ісі-жөніндегі орынбасары-Бижанова Бақытгүл Кадыкеновна
- Директордың оқу ісі-жөніндегі орынбасары-Бокенов Жұлдызай Жанатқызы
- Директордың тәрбие ісі-жөніндегі орынбасары-Ерикова Мадина Ерикқызы
- Психолог-Даткина Арайлым Абдрахманқызы
- Психолог-Жексенбеова Ардақ Кенжеқызы
- Сынып жетекшілер-Б.С.Толуекенова., А.Ж.Амирова., Ж.А.Асылбекова., Ж.Т.Жексенбекова., Ж.Е.Күзембай., А.А.Даткина., Н.Д.Ермекбаев.
- Логопед-Жұмабай Айжан Болатқызы
- Әлеуметтік педагог-Серикбаева Арайлым Серикбаевна
- Арнайы-педагог-Ахметова Айжан Шаймұратқызы
- Педагог-ассистент-Ахметова Айжан Шаймұратқызы

2. Психологиялық-педагогикалық қолдау қызметі төрағасына қолдау қызметі жұмысын білім беру ұйымындағы психологиялық-педагогикалық қолдау қызметі туралы Ережелерге сәйкес ұйымдастыру міндеттеледі.

3. Қолдау қызметі жұмыс кестесін білім беру ұйымының түзіміне сәйкес анықтау.

4. Қолдау қызметі мүшелерінің атқарымдық міндеттерін, есеп беру құжаттамасын анықтау және қолдау қызметі құрамында балаларды тексеруге кеткен уақытының нәтижесі бойынша қосымша табель тапсыру.

5. ППКҚ мәжілісін өткізу орны: «Ы.Алтынсарин атындағы тірек мектеп (ресурстық орталық) жанындағы интернат» КММ

6. Бұйрықтың орындалысын қадағалауды өзіме қалдырамын.

Директор

Д. Бакаев

БЕКІТЕМІН
Ы.Алтынсарин атындағы тірек
мектеп (РО) жанындағы интернат
директоры Д.Б. Бақаев

« 04 » 09 2023 ж



КЕЛІСЕМІН

Ы.Алтынсарин атындағы
тірек мектеп (РО)
жанындағы интернат
директорының тәрбие ісі
жөніндегі орынбасары
М.Е.Ерикова

« 04 » 09 2023 ж

Ы.Алтынсарин атындағы тірек мектеп(РО) жанындағы интернат КММ-де 2023-2024 оқу жылына арналған психологиялық-педагогикалық қолдау қызметінің жылдық жоспары.

Мақсаты: психологиялық-педагогикалық қолдау, оқушылардың тұлғалық және әлеуметтік бейімделуіне көмек көрсету, педагогикалық процесті ізгілендіруді қамтамасыз ету.

Қызметтің міндеттері:

- Оқуда және тұлғалық дамуда қиындықтары бар оқушыларды ерте анықтау;
- Оқушыларға мектептегі қиындықтарды, әлеуметтік және эмоционалдық проблемаларды жеңуде психологиялық-педагогикалық көмек көрсету;
- Бұзылған қызметтерді әзірлеу және түзету үшін жеке бағдарламаларды әзірлеу және енгізу;
- Оқу үрдісі субъектілерінің физикалық, психикалық және әлеуметтік денсаулығын қорғауға және нығайтуға кепілдік беретін жағдайларды жобалау;
- ЕББҚ бар оқушыларға бос уақытын өз бетінше анықтауға көмектесу.

№ р/с	Негізгі бөлімдер және іс-әрекеттердің мазмұны	Орындаушылар	Мерзімі	Бақылау нысаны
	1	2	3	4
Психологиялық-педагогикалық зерттеу				
1.	ЕББҚ бар балаларды медициналық зерттеу	Медицина қызметкерлері	Қыркүйек	Оқушыларға медициналық ұсынымдар
2.	ЕББҚ бар мектеп оқушыларының танымдық белсенділік пен эмоционалды-тұлғалық даму деңгейін анықтау	Психологтар	Қыркүйек	Психологиялық тұжырымдама
3.	Логопедиялық диагностика: сөйлеу тілі бұзылыстары бар балаларды анықтау	Логопедтер	Қыркүйек	Сөйлеу карталары
4.	ЕББҚ бар оқушылардың мектептегі маңызды дағдыларының қалыптасу деңгейін анықтау	Мұғалім-дефектолог, психолог	Қыркүйек	Педагогикалық тұжырымдама
5.	ЕББҚ бар оқушыларды әлеуметтік дамуының зерттеу деңгейі	Әлеуметтік педагог	Қыркүйек	Әлеуметтік тұжырымдама
6.	ЕББҚ бар оқушылардың отбасы жағдайын зерттеу	Сынып жетекшісі	Қазан-Қараша	Отбасының әлеуметтік төлқұжаты
7.	Білім беру үрдісінде ЕББҚ бар оқушыларға жеке	Қолдау қызметінің	Қыркүйек	Психологиялық-педагогикалық

	көзкарасты енгізу бойынша мұғалімдерге арналған және отбасылық тәрбие ұсыныстары мен психологиялық-педагогикалық қолдаудың жеке бағдарламаларын жасау	мамандары		қолдаудың жеке бағдарламалары
8.	Оқушылармен түзету-дамыту жұмыстарын жүзеге асырудың табыстылығы мен динамикалық зерттеу және олардың оқу табыстылығы	Қолдау қызметінің мамандары	Жыл бойы	Мамандардың бақылауы
9.	ЕББҚ бар балаларды салыстырмалы қорытынды психологиялық-педагогикалық тексеру	Қолдау қызметінің мамандары	Сәуір	Психологиялық-педагогикалық кескін
Психологиялық-педагогикалық қолдау				
10	Жеке және топтық түзету жұмыстарын жүйелі түрде жүзеге асыру іс-әрекеттерін дамыту	Мұғалімдер – дефектологтар, логопедтер, психологтар	Оқу жылы ішінде	Жұмыс құжаттамасы
11	Оқушыларға әр түрлі іс-әрекеттерде қажетті психологиялық-педагогикалық көмек көрсету	Қолдау қызметінің мамандары	Оқу жылы ішінде	Сұраныс бойынша
12	Ата-аналарға психологиялық-педагогикалық кеңес беру (топтық, жеке)	Қолдау қызметінің мамандары	Оқу жылы ішінде	Ата-аналарға арналған ұсыныстар
13	ЕББҚ бар оқушыларды оқыту мен тәрбиелеу бойынша мұғалімдерге жеке және топтық кеңес беру	Қолдау қызметінің мамандары	Сұраныс бойынша	Ақпараттық материалдар
14	ЕББҚ бар балалармен жүргізілген түзету-дамыту жұмыстарының нәтижелерін қорытынды мұғалімдер кеңесінде талдау және жалпылау, талқылау	Қолдау қызметінің мамандары	Мамыр	Қолдау қызметі мамандарының есептері
15	Педагогикалық қорғау режимін сақтау	Педагогикалық ұжым	Оқу жылы ішінде	Мұғалімдерге арналған ұсыныстар
16	Ата-аналардың оқу-тәрбие процесіне қатысуы	Қолдау қызметінің мамандары мұғалімдер	Оқу жылы ішінде	Ата-аналарға арналған ұсыныстар
Психологиялық-педагогикалық және медициналық-педагогикалық ағарту				
17	Білім беру үрдісіне	Қолдау	Оқу жылы	Ата-аналарға

	катысушыларды инклюзивті білім берудің мақсаттары мен міндеттері туралы ақпараттандыру	қызметінің мамандары	ішінде	арналған ұсыныстар
18	Оқу процесінің катысушылармен дәрістер мен семинар-тренингтер өткізу	Қолдау қызметінің мамандары	Жоспар бойынша	Ақпараттық материалдар
19	Оқу процесіне катысушыларға ЕББҚ бар оқушыларға толерантты көзқарасты қалыптастыру бойынша тренингтер, семинарлар өткізу	Қолдау қызметінің мамандары	Жоспар бойынша	Ақпараттық материалдар
20	ЕББҚ бар оқушыларды оқыту мен тәрбиелеу, тәжірибесін зерделеу мақсатында арнайы білім беру ұйымдары мектебінің мұғалімдерінің сабақтарына катысу	Мұғалімдер	Жоспар бойынша	БАҚ басылымдары
21	Қоғамдастық деңгейінде инклюзивті білім беру принциптері мен құндылықтарын танымал ету (оқушылар, ата-аналар, қоғам, БАҚ)	Қолдау қызметінің мамандары	Жыл бойы	БАҚ басылымдары
22	Арнайы ұйымдармен шығармашылық ынтымақтастық туралы келісімдерді ұзарту. Жана келісімдер жасау	ППҚ қызметінің басшысы	Жұмыс жоспарына сәйкес	Келісімдер
23	Инклюзив мәселелері бойынша ғылыми-практикалық конференцияларға, семинарларға, дөңгелек үстелдерге катысу, білім беру	Қолдау қызметінің мамандары	Жыл бойы	Конференция материалдары
Ұйымдастыру-әдістемелік қызмет				
24	Құжаттарды дайындау және жүргізу	Қолдау қызметінің мамандары	Оқу жылы ішінде	Жұмыс құжаттары
25	Сабаққа катысу	Қолдау қызметінің мамандары ППҚ қызметі	Сұраныс бойынша	Сабақтарды талдау
26	Қолдау қызметінің есебі	ППҚ қызметінің басшысы	Кварталдық, жылдық	Мамандардың есебі

**Ы.Алтынсарин атындағы тірек мектеп(РО) жанындағы интернат КММ-де
психологиялық-педагогикалық қолдау қызметінің отырысы туралы
Ереже.**

1. Жалпы ережелер.

- 1.1. Мектептің психологиялық-педагогикалық қолдау қызметінің жұмысы (ППҚК) диагностикалық-түзету бағыты болып табылады, оның қызметі ерекше білім беру қажеттілігі бар (ЕББҚ) оқушыларды дер кезінде анықтауға, тәрбиелеуге, оқытуға және әлеуметтік бейімделуіне байланысты мәселелерді шешуге бағытталған.
- 1.2. Мектептің (ППҚК) өз қызметінде БҰҰ-ның Бала құқықтары туралы тұжырымдамасын, Қазақстан Республикасының «Білім туралы» Заңын, «Мүмкіндігі шектеулі балаларды әлеуметтік-медициналық-педагогикалық түзеу қолдауы туралы» Қазақстан Республикасының Заңын, жалпы білім беру ұйымдарындағы арнайы сыныптар туралы ережені басшылыққа алады.
- 1.3. Ы.Алтынсарин атындағы тірек мектеп(РО) жанындағы интернат КММ-дегі бейімделген осы ережесі Ы. Алтынсарин атындағы Ұлттық білім академиясының ұсынылған нұсқаулығын негізге алады.

2.Мақсаты мен міндеттері.

- 2.1. ППҚК отырысын ұйымдастырудың мақсаты – жалпы білім беру жүйесіне енгізілген ерекше білім беру қажеттіліктері бар оқушыларды қолдау стратегиясын алқалы түрде анықтау және олардың білім алуы мен әлеуметтенуінің табыстылығын қамтамасыз ету үшін мұғалімдер мен мамандардың келісілген іс-әрекетін анықтау.
- 2.2. ППҚК отырысының міндеттеріне кіреді:
- 2.2.1. Ерекше білім беру қажеттіліктері бар оқушылардың даму және оқу жағдайын талдау;
- 2.2.2. Оқушыларға психологиялық-педагогикалық қолдау қызметінің мазмұнын анықтау және оны көрсетуде мамандардың өзара әрекетін үйлестіру;
- 2.2.3. Білім беру кезеңінде оқушыларға қолдау қызметінің көмек көрсету мазмұны бойынша мұғалімдер мен ата-аналарға-ұсыныстар әзірлеу;
- 2.2.4. Психологиялық-педагогикалық қолдау қызметінің тиімділігін бағалау;

3. Мектептің ППҚК отырысының құрылымы мен бағытын ұйымдастыру.

- 3.1. Мектеп директоры ППҚК отырысын құру туралы бұйрық шығарады.
- 3.2. Мектептің ППҚК отырысының мүшелері:
Бакаев Д.Б– директор, отырыстың төрайымы.
Бижанова Б.К, Бокенова Ж.Ж– директордың оқу ісі жөніндегі орынбасары, үйлестіруші.
Серикбаева А.С – әлеуметтік педагог.
Ахметова А.Ш – мұғалім-дефектолог.
Даткина А.А– педагог-психолог.
Жұмабай А.Б – мұғалім-логопед.
Ахметова А.Ш – педагог-ассистент.
- 3.3. ППҚК отырысында балалар мен жасөспірімдерді талқылау туралы шешім ата-аналардың (заңды өкілдердің) және бала оқитын сынып жетекшісінің, сондай-ақ білім беру ұйымында жұмыс істейтін басқа мамандардың бастамасы бойынша да жүзеге асырылады.
- 3.4. Тексеру нәтижесінен кейін барлық мамандар тұжырымдама жазады.

ППҚҚ отырысына ұсынылатын құжаттар:
қиындық тудырушы мәселелері бар ЕББҚ бар оқушыға педагогикалық тұжырымдама (педагогикалық мінездеме);

- мұғалім-дефектологтің тұжырымдамасы;
- мұғалім-логопедтің тұжырымдамасы;
- әлеуметтік педагог тұжырымдамасы;
- педагог-ассистент тұжырымдамасы;
- педагог-психологтің тұжырымдамасы.

3.5. Алынған мәліметтер негізінде білім алушының жеке мүмкіндіктері мен ерекшеліктерін ескере отырып, кенестің қорытындысы және түзету-дамыту жұмыстарын оңтайландыру бойынша ұсыныстар алқалы түрде құрастырылады.

3.6. Мектептің ППҚҚ отырысының жүргізілетін құжаттары:

- ЕББҚ бар оқушылардың тізімі;
- Мамандардың тұжырымдамалары;
- Мектептің ППҚҚ отырысын есепке алу журналы жүргізіледі, оған ЕББҚ бар оқушылардың қорытындысы мен ұсыныстары жазылады;
- ППҚҚ отырысының тіркеу журналы;
- Динамикалық бақылауда тұрған балаларды тіркеу журналы;
- Сауалнама нәтижелері бойынша топтарға бөлу туралы ППҚҚ отырысының қорытындысы.

4.ППҚҚ отырысын дайындау және өткізу тәртібі.

4.1.ППҚҚ отырысы жоспарлы және жоспардан тыс.

Жоспарлы ППҚҚ отырысы әр тоқсан сайын 1 рет өткізіледі.

4.2.ППҚҚ отырысының қызметі төмендегі міндеттерді шешуге бағытталады.

Психологиялық-педагогикалық колдау қызметінің жолдарын анықтау;

Баланың жағдайын динамикалық бағалау және түзету бағдарламасын жоспарлау

Жоспардан тыс ППҚҚ отырысы мамандардың сұрауы бойынша өткізіледі.

ППҚҚ отырысын өткізуге дайындық.

4.3. Отырыстың өткізілуінде ЕББҚ бар баланы талқылау 10 күн бұрын жоспарланады.

Мамандар тексеріс өткізіп, тұжырымдамалар дайындайды.

5.ППҚҚ отырысын жүргізудің тәртібі.

5.1.ППҚҚ отырысы отырыс төрайымының басшылығымен өткізіледі.

5.2.Баяндаушы адамдардың кезегі алдын-ала келісіледі.

5.3.Отырыстың бекітілген түзету және дамыту жұмыстары бойынша ұсыныстары баламен жұмыс істейтін барлық мамандар үшін міндетті болып табылады.

5.4.Отырыстың ұсыныстары туралы хаттамасы 3 күн аралығында толтырылу керек.